



18 шілде, сейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboiy@yandex.kz / www.syrboiy.kz



www.facebook.com/syrboiy_kz/



www.instagram.com/syrboiy_kz



https://twitter.com/syrboiy



t.me/syrboiy_kz

ҮКІМЕТ

ҚАЛДЫҚТАРДЫ ҚАЙТА ӨНДЕУДІ АРТТЫРУ ЖОСПАРЛАНДЫ

ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен «Жасыл экономикаға» көшу жөніндегі кеңестің отырысында еліміздің өңірлеріндегі экологиялық ахуалды жақсарту және жаңартылатын энергия көздерін дамыту мәселелері қаралды.

Қаспорындарға ең үздік қолжетімді технологияларды енгізуді ынталандыру арқылы 2050 жылға қарай өнеркәсіп қалдықтарын қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесін 60%-ға дейін жеткізу жоспарланып отыр. Сонымен қатар қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарын қалпына келтіру және жаңадан салу бойынша жұмыстар жүргізілетін болады. Жаңартылған тұжырымдаманы іске асыру шеңберінде атмосфераға ластаушы заттар шығаруды азайту, атап айтқанда ЖЭО-ны жаңғырту және газ отынына көшу, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды және өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін түрлерін қорғау, сондай-ақ орман алқабын кеңейту есебінен шаралар қабылданатын болады. Отырыста жаңартылатын энергия көздерін одан әрі дамыту бойынша жоспарлар мен қабылданып жатқан шаралар барысы талқыланды. Бүгін таңда республикада жиынтық қуаты 2525 МВт болатын 132 ЖЭҚ нысаны жұмыс істеп жатқаны атап өтілді. Жаңа нысандарды іске қосу жоспарлы мерзімінен бұрын жүзеге асып келеді. Жалпы, 2027 жылға қарай тағы 6720 МВт жаңартылатын генерацияны енгізу жоспарланып отыр.

ПИЯЗ бен СӘБІЗ ҚОРЫ ҚАЛЫПТАСҚАН

Үкіметте негізгі азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру және отандық қант өндірушілерді қолдау шаралары талқыланды. Өткен аптада елімізде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының есу индексі орта есеппен нөл деңгейінде қалды.

Отандық қант өндірушілердің өтіншістерін назарға алған Сауда комитетінің төрағасы Айдар Әбділдабеков қазір нарық импорттық арзан өнімдерге қаныққанын, ал отандық қант сұраныс аз болуына байланысты зауыт қоймаларында тұрғанын атап өтті. Қазақстандық өндірушілерді қолдау үшін қанттың ең төменгі көтерме бағасын енгізу мәселесі бірнеше рет қаралды. Алайда бұл шешім жазғы маусымның соңына дейін тоқтатылды. Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ербол Тасжүрекөв бағаны тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың үлгілік қағидалары шеңберінде өңірлерді фарворттық қаржыландыру жұмысының барысы туралы баяндады. Оның айтуынша, елімізде пияз бен сәбізге ұсынылатын қор көлемі қалыптасқан. Картоп пен қырыққабат бойынша жұмыстар әлі де жалғасып жатыр. Картоп жөнінде келісім-шарт жасау көлемі 5 өңірде, яғни, Атырау (55%), Абай (65%), Ұлытау (74%), Алматы (79%) және Ақмола (92%) облыстарында ұсынылған көлемнен төмен.

Ауыл шаруашылығы вице-министрі әкімдіктер мен ӘКК-нің қырыққабат бойынша келісім-шарт жасау жұмыстарының әлсіздігін атап өтті. Мәселен, 10 өңірде келісім-шарт көлемі ұсынылған сұраныс көлемінен төмен. Оның ішінде үшеуінде қор 50%-дан аз қалыптасқан. Бұл – Ұлытау (30%), Алматы (45%) облыстары мен Астана (49%) қаласы. Қамтамасыз ету мониторингі көрсеткендей, 8 өңірде үн бойынша келісім-шарттар іс жүзінде жоқ немесе Ауыл шаруашылығы министрлігі ұсынған көлемнің 50%-нан аспайды. Ақтөбе облысында күнбағыс майы мен күрішке келісім-шарт жасалмаған. «Барлық аймақтар жағдайды түзетуі керек. Жаз – бағаны тұрақтандыру үшін алдағы жылға қор жинайтын бірден-бір қолайлы уақыт. Бір апта ішінде ӘМАТ бағасының индексі нөл пайызды құрады, дегенмен уақытылы жұмыс істегенде дефляция болуы керек еді. Қызылордада өткен күрші жәрмеңкесінің нәтижесінде тек 8 өңірдің әкімдігі күрші сатып алу бойынша меморандумдар жасаған. Олар 1,4 мың тонна күрішке келісім-шарт жасаса, ал ел бойынша шамамен 21 мың тонна қажет. Барлық өңірлер жинауда айтылған міндеттердің дер кезінде орындалуын қамтамасыз етуі қажет», – деп түйіндеді сөзін Премьер-министрдің орынбасары Серік Жұманғарин.

МӘСЕЛЕ

ПАЙДА ОЙЛАҒАНДАРДАН АЙЛА АРТЫЛМАЙДЫ

Қызылордада бейнекамералардың көмегімен жылына отыз мыңға жуық құқықбұзушылық анықталады екен. Облыс орталығында құқықбұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу, орын алған қылмыстарды дер кезінде ашу мен жол қозғалысы ережесін бұзғандарды анықтау мақсатында адам көп шоғырланатын орындарға бейнебақылау камералары орнатылып, көп жағдайда көшедегі жол жүру ережесін бұзғандарды анықтауда септігін тигізіп келеді. Жалпы облыс орталығында 243 бейнекамера бар, олардың барлығы Қызылорда ҚІІБ-ның жедел басқару орталығына қосылған. Аталған бейнекамералардың 96-сы көпқабатты үйлердің ауласында, 133-і көше қиылыстарында орналасқан. Бірақ, біздің айтамыз бұл емес. Осыныша бақылауға қарамастан қылмыс қарқыны тоқтамай тұрған сала – интернет-алаяқтық. Ол мұнша камераға да, қолға да түсе қоймайтын қылмысқа айналғаны қашан? Оны бейнебақылау емес, қатаң бақылау ғана тоқтата алады. Иә, халықты алаяқтар басынып барады. Олардың бұқараға келтірген залалы бір жылда республика бойынша бірден 88 пайызға артқан. Сарапшылар бұған дербес деректердің жарияланып кетуі ықпал еткенін айтады. Республикада бұл құбылыс апатты жағдайға жеткен. Бір жыл бұрын Цифрлық даму министрлігі дерекқорлар сыртқа кетіп қалғанын хабарлады. Салдарынан қазір қаскөйлерге әр қазақстандыққа қатысты ержей-тегжейлі досы жинау, қайда тұратынын, қанша жинағы мен мүлкі барын, тіпті не ішіп-жейтінін бігу қиындық тудырмайды. Цифрландыру өрістеген сайын халықтың деректері кең таралуы мүмкін. Сондықтан бұған тосқауыл қоюдың жаңа шараларын қабылдау маңызды.

Сб Айдар САЙЛАУОВ, «Сыр бойы»

ИНТЕРНЕТ – АЛАЯҚТЫҚТЫҢ АПАНЫ

Пайда ойлаған адамнан айла артылмай бара жатыр. Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мәліметінше,

Қылмыстық кодекстің «Алаяқтық» деп аталатын 190-бабы бойынша тіркелген құқықбұзушылықтар саны күрт көбейген. Сонымен бірге алаяқтық әрекетінен келген жылжымайтын мүлік алаяқтық жолмен тартып алудың фактісі анықталған.

Алаяқтардың көбі алматылықтарды алдап соғады. Одан кейінгі

орындарға қалған екі мегаполис Астанада мен Шымкент жайғасқан. Басқасы басқа, еліміздің ірі қалалары тұрғындарының сауаты жоғары болуы тиіс еді. Кибешабұйлдарды талдау және тергеу орталығының (ЦАРКА) негізін қалаушы және басшысы, IT маман Олжас Сатиевтің байламынша, дер-

бес деректерінің қолды болуына көбіне, азаматтардың өзі кінәлі: кибергиенаны сақтамайды, көрінген күмәнді сілтемемен өте салады, әлеуметтік желілерде, мессенджерлерде тегін сыйлыққа ынтығып, түрлі конкурстарға қатысады, сол үшін түрлі анықтама толтырып, барлық дерекін ашып қояды.

Сурет ашық дереккөзден алынды



ӨРКЕН

АРАЛ: КӘСІПТІ КЕҢЕЙТКЕН БЕРЕКЕГЕ КЕНЕЛЕДІ

Арал десе, біріншіден, адамның көз алдына балық пен тұздың келетіні анық. Негізгі қыр беттегі ауылдардың тіршілігінің басты көзі – мал шаруашылығы. Тенізе жақын тұрғындардың атакәсібі – балық аулау.

Сб Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»

Айтпақшы, былтыр ғана Арал қаласының іргетасы қаланып, қала болып құрылғанына 95 жыл толған. Мерейтойда балаларға арналған екі ойын-сауық орталығы ашылып,

демалушылар есебін 6 ойын алаңының құрылысы жүрді. Сондай-ақ, Атанши, Тоқабай, Жақсықылыш, Бөген және аудан орталығынан 5 балабақша салынды. «Балықшылар аллеясы» ашылып, пандемия кесірінен екі жыл өтпеген балықшылар сплеті және Волга бойындағы халыққа 14 вагон балық жөнелткен қайырымды іске 100 жыл толуына орай үлкен мәдени іс-шараны да бірге қамтығаны бар.

2-бет

ӨНІР ӨНІМІ

СҮТТЕН ЖАСАЛҒАН САБЫН

Сүттен құрт, ірімшік, айран, қатық секілді ағарған түрлері жасалатынын білеміз. Ал сабын жасап шығарғанды естіп пе едіңіз? Иә, түйе, ешкі сүтінен кәдімгі емдік сабын да жасауға болады. Мұндай ерекше өнімді аралдық кәсіпкер Арсена Көшжанова шығаруда.

Сб Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

«Aral Organic» ЖК иесі түрлі өсімдіктің қоспасынан сабын дайындайды. Кәсіпкердің өнімі көп сабынға ұқсамайды. Ол түйе және ешкі сүтінен жантақ қосылған емдік қасиеті бар сабын шығаруда. Бұл сабын – түрлі тері ауруларына бірден-бір ем. Хош иісті сабындар бүгінде сұранысқа ие. Арсена Көшжанова бұрын сабынды өзіне және таныстарына дайындап, кейін сүйікті ісін кәсіп көзіне айналдырған. Мемлекеттік қолдау аясында сабын шығаратын цехын да ашықты. – Кәсіпті бастағаным 6 айдай уақыт болды. Мүмкіндігінше өзімізде бар нәрселерден пайдалы дүние жасағым келді. Сабын түйе, ешкі сүті қосылып жасалады. Сонымен қатар жантақты да пайдаланамыз. Шөптерді жинауға атам мен өнем көмектеседі. Өнімдерді еліміздің

басқа өңірлеріне пошта арқылы салып жібереміз. Әлеуметтік желідегі парақшамыз арқылы тапсырыстар көп түседі. Мұндай органикалық және экологиялық таза өнімдер шетелде танымал және оны әлеуеті де жоғары. Бізде де сондай мүмкіндіктер қарастырылса, кәсіпімді кеңейтер едім, – дейді кәсіпкер. Арсена қазіргі таңда сабынның 11 түрін шығарып отыр. Соның ішінде 3 сабын емдік қасиетке ие. Айтуынша, құрамында хош иістер, бояғыштар мен консерванттар жоқ, тек табиғи ингредиенттер. Судың орнына ешкі мен түйе сүтін пайдаланады. Сонымен қатар түйе тікенегі қосылған шөп сабынының рещебін ойлап тапқан. Енді емдік сабынның түрлеріне жекелеп тоқталып

кетейік. Мәселен, ешкі сүтінен жасалған сабынмен жаңа туған балаларды қорықпай жуындыруға болады. Теріге ешқандай зиянды әсері жоқ. Бактерияларға қарсы қасиетке ие. Бет күтіміне де пайдалануға болады. Оның сапасын арттыру үшін құрамына кокос, зәйтүн, пальма майы қосылады.

Арал өңірінде жантақ шөбі көп есетінін білеміз. Кәсіпкер оның гүлдері мен жапырағын сабынды әрлеу үшін, ал тікенегін blender құралына салып, ұнтап, қайнатып, оны коспасына пайдаланады. Түйе жантағынан дайындалатын сабын тері ауруларының көп түріне ем

Аллергиялық жаралар, псориаз, қышымасы барлар үшін таптырмайды.

Әдетте біз түйе сүтін емдік мақсатта ішеміз. Ал одан косметикалық сабын жасауға өлден болады. Беттің жұмсақ әрі балғын болуына пайдасы зор. Теріні құрғатпай, ылғандандыруға көмектеседі. Сабынды дайындауға кәсіпкер айлап уақыт жұмсайды. Алдымен сүтті қараңғы жерде бір, екінші ұстайды. Өз бабына келген соң арнайы табиғи коспалар қосып, әдемі декоративті, хош иісті сабындар жасайды. Жергілікті жерде оның бір данасы 1200 теңгеден сатылады. Көбіне тойлар мен шағын отырыстарға алатындар көп. Күніне 10-15 дана сабынға тапсырыс түседі. Бұрын бір данасы 110 грамм болса, қазір оның көлемі де ұлғайған. Айтпақшы, сабынды судың табиғатқа да еш зияны жоқ. Пайдаланған суды жерге төге берсе де болады.

Арнайы құрылғымен жасалатындықтан, бірдей көлемдегі әдемі, пайдалы әрі емдік қасиетке ие сабындар рәсімде көзге ерекше түседі. Отандық өнімді қаламыздағы «Ағжан» сауда үйінен табасыз.





ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

Өңірде 27 медициналық нысан салынады

ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» пилоттық ұлттық жобасын іске асыру барысы талқыланды.

Үкімет отырысынан соң Премьер-министр берген тапсырмаларды нысқауға мақсатында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен мәжіліс өтті.

Ұлттық жоба аясында Сыр өңірінде 24 дәрігерлік амбулатория, 2 фельдшерлік-акушерлік бекет, 1 медициналық бекет салынады.

Оның ішінде 16 нысан биылға, 11 нысан алдағы жылға жоспарланған. Қазір биылға жоспарланған 14 нысанның



мердігері анықталды. Қалған 1 дәрігерлік амбулатория құрылысының мердігері порталдағы техникалық ақау салдарынан анықталмаған.

Аймақ басшысы облыстық мемлекеттік сатып алу бас-

қармасына «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамымен бірлесіп, веб-порталдағы қателіктерді жойып, шілденің 20-на дейін мердігер мекемені анықтауды тапсырды. Мердігері белгілі 14 нысан-

дағы құрылыс жұмыстарының сапалы жүргізілуі мен мерзімінде орындалуын облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы бақылау жөніндегі басқармасымен бірлесіп қамтамасыз етуі тиіс.

Бір медициналық пункт құрылысы бойынша 96,1 млн теңгеге ҚР Денсаулық сақтау министрілігіне бюджеттік өтім ұсынылған. Алайда бүгінге дейін қаржысы республикалық бюджеттен нақтыланбаған.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысына министрліктен тиісті жұмыстар жүргізу, алдағы жылға жоспарланған 11 нысан құрылысының жоба-сметалық құжаттамасын әзірлеуді аяқтау тапсырылды.

Сондай-ақ 2025 жылға қарай Арал, Қазалы, Шиелі, Жанакорған ауданаралық ауруханаларын көпбейінді ауданаралық аурухана деңгейіне жеткізу жұмыстары бойынша мемлекеттік сарпайға енгізілген жобалар құрылым айыны соңына дейін аяқталуы тиіс.

МӘСЛИХАТ МІНБЕРІ

ТАРҚАТЫЛМАЙТЫН ТҮЙІН БОЛМАЙДЫ

Қазалы ауданында көптің ықыласына бөленіп, халық қамын ойлаған абыройлы азаматтар аз емес. Сол қатарда елге болысып, қысылтаяң сәтте қолдау көрсетіп жүрген жандардың бірі – облыстық мәслихат депутаты, кәсіпкер Ібайдулла Тілеп. Жұырда Қазалы халқына ғана емес, облысқа белгілі азаматпен сұхбат құрудың сәті түсті.



негізделген. Сол қағидаттардың іске асынуы атсалысу, шағын және орта бизнесті дамытудағы бағдарламаларды іске асыру, жастар ісін қолдауға, өнер және спортқа ден қойған жастардың жетістіктерге қол жеткізуіне мүмкіндіктер қарастыру, Арал, Қазалы ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал жасау, ішкі жолдардың күрделі, ағымдағы жөндеуге қаржы бөліну, елді мекендердің жол, су, электр жарығы мәселелерімен қоса газдандыру жұмыстарына күш салу – басты бағдарым.

Қазірге дейін аймақта түйіні тарқатылған түйткілдер көп. Ал Қазалы ауданына келер болсақ, жоғарыда тоқталып өткендей, 2004-2005 жылдары жарық, сусыз отырған ауылдар көп кездесетін. Сол уақытта облыстық өкілетті орган мінберінде елге сыйлы азаматтар жетерлік еді. Мен солардың тәрбиесінен өтіп, көп нәрсе үйрендім.

Жоғарыда айтқанымдай, бұрынғырақ ауыл өз алдына, кенттің өзі жарықсыз отырды. Бір көшеге 2 сағат, келесіне 2 сағат жарық барып тұратын. Ауысқа мәселесі де тура осындай болатын. Бүгінде ауысқа мәселесі шешілген. Барлығына бірдей жетіп тұр десек, артық емес. Сонымен қатар автожол мәселесінің де біржақты болып келе жатқанын көзіміз көріп жүр. Қараның көшелердің жарқырап тұрғанын, бүгінге дейін көптеген елді мекендерде білім ошақтары салынғанын айтпай кетуге болмайды.

Ертеректе ауданға қарасты елді мекендерде жарық, ауысқа мәселесі күн тәртібінен түспейтін. Қазір олардың қатары азайды. Құдай қалса, барлығының шешімі табанын күні алыс емес. Бертін келе, ауылдарға да көптеген дүниелерді жеткізу керек болды. Жалпы адам баласының түрмыс-тіршілігі жақсарған сайын сұраныс та өзгеріп, көбейіп отырады.

Елді мекендерден көліктен шыққан адам нәліктен кентке шаршап жетуі керек! Ауданда жастар уақытын құр өткізбеу үшін түрлі орындар салынып жатыр. Сол қатарға мұз айдынын қоссақ, артық болмайды. Біздің жастар сонда шығарылыпты. Айтпақшы, керемет саябақ пайдалануға беріліп, жұртшылық кешілік қыдырса, нұр үстіне нұр болар еді. Шағын футбол алаңдары салынып, бұддиршіндер доп теуіп, уақыт өткізіп жатыр. Мұны көрген сайын қуанамын. Түптеп келгенде, болашақ жастарды болғандықтан, біздің аудан жастары да ешкімнен кем болмай, жақсы білім алып, бийіктерден көрінсе деймін. Ел игілігіне қажеттінің барлығы табылып, осыларды жүзеге асыру әрі атсалысу – менің азаматтық борышым.

Негізгі ұстанымым да осы бағытта. Менің сөздік қорымда болмайды деген сөз жоқ, ертеңіміз жарқын, болашағымыз баянды болатынына сенемін.

Ібайдулла аға, бүгінде дәйін облыстық мәслихат депутатының қолдауымен аймақта, оның ішінде ауданда шешімін таңқан мәселелерге тоқталаңыз...

Әуелі ұсынған бағдарламалармен таныстырайын. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында еліміздің жаңа бағдары басты жеті қағидатқа

– Сізді халық жақсы таниды. Дегенмен оқырманға ең әуелі өзіңіз жайлы толығырақ айтшы берсеңіз...

– Мен 1959 жылы теңіздің қолтығында дүниеге келіппін. Нақтыласам, «Қосшоқы» деген жер. Кейін әкем «Жанай» учаскесіне көшіп, 12 жасқа толғанша сол жерде білім алып, ойын қуып, теңіз толқынына қарап өстім. Одан кейін 1976 жылы Қызылорда ауыл шаруашылығы техникумына оқуға түсіп, 1979 жылы бітіріп шықтым. 1980 жылы институтқа түстім. Осылайша 3-курсқа оқып жүріп әскерге аттандым. Азаматтық борышымды аман-есен атқарып келісімен қызу жұмысқа кірісіп, елмен араласып, аға мен іні тауып, бүгінгі күнге жетіп отырмын.

Қазір кейбіреулер «уақытым бекер өтіп кетті» деп өкініп жатады. Алайда Шерхан Мұртазаның пайымдауынша, уақыт емес, өмір өтеді екен. Уақыт өз қалпында, таннның атысы күннің батысымен жалғасын тауып отырады. Арта қалған өмірге өкпе жоқ, тек алға қарай қадам басамыз.

– Біраз жылдан бері облыстық мәслихат депутатысыз. Жалпы депутаттық, азаматтық ұстанымыңыз қандай?

– Мені сол орынға отырғызған халық. Халық – Құдайдың бір есімі. Елдің аманаты арқапал жүргеннен кейін мүмкіндігім келгенше білімді, тәжірбиемді ел алдында көрсетіп, қызметімді абыроймен атқарып, берілген сенімді аяқасты етпей жүрсем, соның өзі – үлкен мәртебе.

Ертеректе ауданға қарасты елді мекендерде жарық, ауысқа мәселесі күн тәртібінен түспейтін. Қазір олардың қатары азайды. Құдай қалса, барлығының шешімі табанын күні алыс емес. Бертін келе, ауылдарға да көптеген дүниелерді жеткізу керек болды. Жалпы адам баласының түрмыс-тіршілігі жақсарған сайын сұраныс та өзгеріп, көбейіп отырады.

Елді мекендерден көліктен шыққан адам нәліктен кентке шаршап жетуі керек! Ауданда жастар уақытын құр өткізбеу үшін түрлі орындар салынып жатыр. Сол қатарға мұз айдынын қоссақ, артық болмайды. Біздің жастар сонда шығарылыпты. Айтпақшы, керемет саябақ пайдалануға беріліп, жұртшылық кешілік қыдырса, нұр үстіне нұр болар еді. Шағын футбол алаңдары салынып, бұддиршіндер доп теуіп, уақыт өткізіп жатыр. Мұны көрген сайын қуанамын. Түптеп келгенде, болашақ жастарды болғандықтан, біздің аудан жастары да ешкімнен кем болмай, жақсы білім алып, бийіктерден көрінсе деймін. Ел игілігіне қажеттінің барлығы табылып, осыларды жүзеге асыру әрі атсалысу – менің азаматтық борышым.

Негізгі ұстанымым да осы бағытта. Менің сөздік қорымда болмайды деген сөз жоқ, ертеңіміз жарқын, болашағымыз баянды болатынына сенемін.

Ібайдулла аға, бүгінде дәйін облыстық мәслихат депутатының қолдауымен аймақта, оның ішінде ауданда шешімін таңқан мәселелерге тоқталаңыз...

Әуелі ұсынған бағдарламалармен таныстырайын. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында еліміздің жаңа бағдары басты жеті қағидатқа

БРИФИНГ

ЦИФРЛЫ ФОРМАТ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Халықтың кітап оқу белсенділігін арттыру үшін қолайлы жағдай жасау маңызды. Сондықтан қазір кітапханалар мыңдаған кітапты цифрлы форматқа көшірді. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Ө.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасы директорының орынбасары Айгүл Жанғабылова айтты.



Айгүл Жанғабылова

қызметі, құжаттарды электрондық форматқа көшіріп, мерзімін онлайн ұзарту сынды қызметтерді көрсетуде. Сондай-ақ кітапханаларды заманауи білім беру орталықтарына айналдыру үшін 78 coworking орталығы ашылып, келушілерге ыңғайлы жағдай жасалды, – деді ол.

Оның айтуынша, халықтың кітап оқуға қызығушылығын ояту үшін биыл біршама ауқымды жұмыстар атқарылған. Нақтырақ айтсақ, облыс кітапханаларында 5 мыңнан аса мәдени іс-шара ұйымдастырылып, оған 100

Сб Ақтілек БІТІМБАЙ, «Сыр бойы»

– Бүгінде облыс кітапханаларында цифрлық ресурстарды және электронды дерекқорларды құраға бағытталған бірнеше бағдарлама бар. Бұл сирек кітаптар қорымен өлкетану басылымдарын цифр-

ландыру үшін тиімді болмақ. Жалпы жыл басынан бері 609 дана кітап цифрлы форматқа көшірілген болатын. Қазіргі таңда цифрландырылған кітап саны 15499 данаға жетті. Бұдан бөлек, кітапхана келушілеріне

дәстүрлі қызметпен қатар жаңартылған электронды каталогтар, виртуалды анықтама

АРАЛ: КӘСІПТІ КЕҢЕЙТКЕН БЕРЕКЕГЕ КЕНЕЛЕДІ



Балықтан басқаға да басымдық берген

Былтыр ауданға 16,7 млрд теңге көлемінде инвестиция тартылған. Оның жартысынан астамы – жеке сектордың қаражаты. «2021-2025 жылдарға арналған индустриялық дамудың тұжырымдамасы» аясында құны 168,7 млрд теңгені құрайтын, іске қосылғанда 1303 адамды жұмыспен қамтитын 9 жоба енгізілген еді. Қазір бұның ішінде жалпы құны 3,6 млрд теңге болатын 2 жоба іске қосылған. Онда 268 адам жұмыс істейді.

Индустрияландыру қаржысына қосымша 6 жобаны енгізу жоспарланған. Олар – «Қап шығару», «Құрғақ құрылыс ұнтақтарын өндіру», «Мал бордақылға алаңы және шұжық өндіру цехын ашу», «Профлист өндірісі», «Түйе сүтінен құрғақ ұнтақ дайындау» және «Тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу, төсеместер (брусчатка) өндірісі» жобасы. Сонымен қатар, биыл бюджет қаражатының өзінен 15,7 млрд теңгеге жуық қаржыға 23 әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым жобасы іске асырылмақ. Осы игі істердің арқасында кейінгі 5 ай көлемінде ауданға 4,9 млрд теңге инвестиция тартылғаны белгілі болып отыр.

Айтшы отырған жобалардың барлығы теңізді өлкеде бұрын болмаған. Мал бағу мен балық аулауды кәсіп еткен жұртқа осы бастамалар үлкен қолдау болғалы тұр. Жұмыс көзі көптеп ашылып, аудан халқының ахуалына оң әсерін тигізірі сөзсіз.

Кәсіпкерлік саласында Арал ауданы бойынша 6654 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Ал жалпы тіркелген кәсіпкерліктің ішінен жұмыс жасап тұрғандарының үлесі 94,9 пайыз.

ҚҰРЫЛЫС хәм **ИНФРАҚҰРЫЛЫМ**

Ауданда жаңадан салынып жатқан ірі құрылыс нысандары жеткілікті. Су жүйесін жаңарту, электр желілерін ауыстыру, кварталшілік газ құбырларын тарту және ауысу жүйесімен қамту сынды жұмыстардан бөлек ауқымды істер бар. Мысалы, жақында ғана «Бөген» мен «Қызылжар» елді мекенінде дәрігерлік амбулатория құрылысы басталды. «Сексеуіл» кентінде 40 орындық ауылдық аурухана жұмысы қайтадан жанданды. Сондай-ақ биыл ауданда 600 және 300 орындық мектеп салынуы жоспарланған.

Автомобиль жолдарын жақсарту мақсатында биыл 4,4 млрд теңге бөлінген. «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында аудандық маңызы бар 10 бағыттағы жол орташа жөндеуден өтуде. Олар – аудандық маңызы бар «Самара-Шымкент-Қамыстыбас-Аманөткел-Жаңақұрылыс», «Қызылжар-Шемншкөл», «Сазды елді мекеніне қызылжар», «Бөген-Ақлақ», «Қаратерең-Жаңақұрылыс», «Қызылжар-Шемншкөл», «Самара-Шымкент-Бекбауыл», «Аққұлқ елді мекеніне қызылжар», «Самара-Шымкент-Жақсықылыш-Токабай-Абай» және «Жаңа-

құрылыс-Бекарыстан би» жолы. Бұлар жөндеуден толық өтсе, аудандағы жақсы жағдайдағы автомобиль жолдарының үлесін 64-тен 80 пайызға дейін жеткізуге мүмкіндік тумақ.

Сондай-ақ «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Сексеуіл кентіндегі №231 мектептен теміржол өткеліне дейінгі автожол орташа жөндеуден өтсе, оған қоса осындағы ұзындығы 5,5 шақырымды құрайтын 6 көшені жөндеу жалғасуда. Ал «Аманөткел» елді мекенінде ұзындығы 3,4 шақырым болатын 3 көше биыл жөндеуден өтті.



ЕГІН – ЕЛДІҢ РИЗЫҒЫ

Мал қайырып, теңізден мар-жан сүзген мұндағы ағайын егін егуге де ерінбейді. «Батыс Қытай-Батыс Еуропа» автобаны бойындағы Ақбай ауылының тұрғындары егекен қауын-қарбыздың дәмі көпшілікке белгілі. Ал кейінгі жылдары осының үрдісті өзге ауылдықандары да жалғастырып жүр.

Биыл аудандағы егін көлемі екі есеге ұлғайып, 1500 гектар жер дайындалған. Былтыр Аралда 704,2 гектар егін егілген. Қазір суды үнемдеу, тиімді пайдалану мақсатында ауданның 400 тоннаны құрайтын қоймасы бар. Бұған қоса ауданда сыйымдылығы мың тоннаны құрайтын қойманың құрылысы жүргізілуде.

АРАЛ БАЛЫҒЫ ӘЛЕМ ЕЛДЕРІНДЕ

Осыдан 50-60 жыл бұрын Арал жағасында балық аулау кәсібінде байланысты 2 комбинат, 10 зауыт, 70-ке жуық балық қабылдау бекеті болғанын кейінгілер білмейді. Қолда бар мәліметке сүйенсек, теңізден 30-дан аса балық түрі аулантылған. Бүгінде қарасы көрінбейтін бекіре де осы теңізде ойнақ салды. «Қызыл кітапқа» енген қаяз,

салмағы кішігірім тайынша ірі жайын да осында жүзді. Ақбалық, сазан, мөңке, шабақ, дөңмәңді, шортан, торта мен тұрма, алабуға сияқты түрлері тіпті мол болыпты. Бүгінде теңіз жағалай отырған көп ауылдың тілімен айтсақ, «алтын балық» саналатын, бағасы да құнды, Еуропаға бірден-бір экспортталып отырған тісті де – Аралдың бір балығы.

Арал теңізі балықшыларына қатысты мынадай бір ереже бар. Мұнда балық аулау уақыты әр жылдың шілде айынан басталады. Келесі жылдың дәл осы айына дейін белгілі бір лимит бойынша балықшылар қайық есіп, ау салып жүр. Әрине, бір жыл ішінде балық қорының табиғи көбеюі үшін уылдырық шашу уақытында теңіз де дария бетіне бірде-бір балықшы жоламауы тиіс.

Қазір Аралда балық шаруашылығын дамыту шаралары қарқынды жүреді. Кезінде тасыған теңізде балық зауыты мен комбинаты көп болды делік. Қазір де жоқ емес. Аралда 9 балық өңдеу зауыты бар. Бұлардың жылдық қуаты 24 мың тоннаға жуықтайды. Қосымша қуаттылығы 1,8 мың тонна болатын 12 цех бар, 31 балықшылар бригадасында барлығы 1426 адам жұмыс атқарады.

Быылғы маусымда 3,4 мың тонна балық ауланып, 1,1 мың тоннасын өңдеген. Оның 1 мың тоннаға жуығы экспортқа шығарылыпты. Айтпақшы, Аралдан шыққан балық Ресей, Польша, Эзербайжан, Германия, Грузия, Нидерланд, Венгрия мемлекеттеріне жөнелтілуде.

Сонымен қатар, балық өсіру қолға алынып, ауданда 7 тоған ашу жоспарланған. Былтыр оның 3-і іске қосылып, 13 адам жұмыспен қамтылды. Мысалы, кәсіпкер Аманкелді Есімовтің «Жаңақұрылыс» ауылдық округіндегі тоғанда балық өсіру жобасы. «Ақбөгет» балық тоғанының жер көлемі 100 гектар, ал тоғанының өз көлемі 56 гектар. Көл тоғанынан бөлек, қолдан өсіретін екі балық тоғаны да бар. «Қарақұм», ауылдық округі бойынша Шалғынбай Алмабаев, «Бекбауыл» елді мекенінен Фарида Қарақұлова және «Қарашалаң» ауылынан Қанат Қарағенев балық өсіру тоғанын құрып, өңірдегі осы салаға дем беріп жүр.

Алдағы уақытта «Қаратерең» елді мекенінің тұрғыны Ә.Жанайбековке «Жарыққөл» манынан қолдан балық өсіру тоғанын құру бағытында жер уәжескі табыстылып, тиісті жұмыстар жүргізу жоспарланған.

Арал ауданы



Қазір жастар ұялы телефонды жата-жастанып қарайды. Әлеуметтік желіге телміріп, уақытты құр жібереді. Бұл «Айта-айта Алтайды, Жамал апай қартайдының» кері. Мәселе күн тәртібінен түскен жоқ. Мейлі олар қалта телефонды ұстай берсін. Бірақ содан өзіне керекін алып, қажетіне жаратсын. Оны жақсы бағытта пайдалансын. Әрбір ата-ана бала тәрбиесіне бейжайлық танытпау қажет екендігін түсінсе екен. Қазіргі заманда баланы, бала тәрбиесін қараусыз қалдыруға болмайды.

Сұхбаттасқан Айдар САЙЛАУОВ, «Сыр бойы»



Сурет ашық дереккөзден алынды

ПАЙДА ОЙЛАҒАНДАРДАН АЙЛА АРТЫЛМАЙДЫ

Содан әлдебір банк атынан алаң қабаласын, алдап кетсе, бар айыпты банкке жабады. Әрине, банктерден де клиенттердің деректері сыртқа шығып кетуі мүмкін, бірақ мұндай жағдай Олжастың сендіруінше, сирек.

Өйткені банктерде бүкіл деректер базасына бірнеше адам ғана толық қол жеткізе алады. Олар негізінен жоғары жаалақылы, басшылық лауазымдағы тұлғалар. Ал қатардағы кредиттік менеджерлерге 100-200 адамның досыя көптегімді. Сондықтан IT маманның айтуынша, дербес деректердің көп көлемде алаяқтар қолына түсіне алып ететін негізгі фактордың біріншісі – түрлі конкурстарға қатысу, екіншісі – онлайн кредит рәсімдеу. Соңғы жағдайда қашықтан қызмет ететін шағын несие ұйымына клиенттің барлық дерегі WhatsApp арқылы жолданады. Ол ұйымның менеджері бүкіл жиіге қашықтан шыға алады. Оны әрі қарай алаяқтарға сата салмасына кепіл жоқ.

Қазақстанда азаматтардың дербес деректеріне иелік ететін компаниялар деңгейінде де проблема жетерлік. Бұл тұрғыда компаниялардың кемелдік деңгейі төмен. Біз батыста бюрократия тиімсіз деп жатамыз. Оларда компания бар, яғни аппараттық қауіпсіздік бойынша сертификаттаудан тұрамай өтпесен, сервисіңді іске қоса алмайсың. Ал бізде бұл қауіпсіздікке назар аудармайды, одан қайта қаржы үнемдейді. Деректер сыртқа кетіп қалса, қорқынышты ештеңе болмайды деп тым-тырыс отырады. Еуропада дербес деректерді қорғау заңы пәрменді жұмыс істейді. Компанияның деректер базасын жақерлер бұза және ол оны тиісті органға хабарламаса, алдап айыппұлдардың астында қалады. Бізде де осыны енгізуге болар еді, бірақ онда IT дамуы кілт тоқтап қалады. Себебі, бізде барлығы жазаға ілігер еді, – деді О.Сатиев.

Дербес деректер қорғалған ба?

Жалпы, қолданыстағы «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңына сәйкес, деректер базаларының меншік иелері мен операторлары азаматтардың дербес деректерін қорғауға міндеттелген. Оны қорғай алмаса, заңнамада әкімшілік, қылмыстық жаза қарастырылған. Дегенмен, бір кілтпен бар: заңнамада базалардың бұзылғанын, деректердің сыртқа таралып кеткенін уақытылы хабарлау тегіңі жетілдірілмеген. Салдарынан, әлігер хабарлап жаза тартқаннан, құлағдар етпей, жауырды жаба тоқуға бейім тұрады.

Осыған орай Үкімет «Кейбір заңнамалық актілерге ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңның жобасын әзірледі. Ол бойынша базалардың меншік иесі, оператор дербес деректердің қауіпсіздігінің бұзылуы анықталған сәттен бастап 1 жұмыс күні ішінде уәкілетті органға дереу хабарлауға міндетті болады. Хабарламада өңдеуді ұйымдастыруға жауапты адамның байланыс деректері көрсетілуі тиіс.

Цифрлық даму министрлігі 2020 жылғы маусымнан бері дербес деректерді қорғау саласындағы уәкілетті орган болып бекітілді. Министрлік сол кезден бері электрондық ақпараттық ресурстарда дербес деректерді қорғау талаптарын бұзғаны үшін мемлекеттік органдарға, заңды тұлғаларға, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты тексерулер жүргізіп, айыпты тұлғаларды жауапқа тарту шараларын қабылдағанын

жеткізді. 2020 жылғы маусымнан бері азаматтардың осы саладағы үш жүзден астам шағымы қаралып, оның көбі қанағаттандырылған. Азаматтар мысалы, adata.kz, fa-fa.kz, kompra.kz порталдарында, мессенджерлер мен әлеуметтік желілердің артырлуі топтарында дербес деректері заңсыз таратылып жатқанына шағымданып, оны жоюды өтінеді екен.

Әлгі сайттарға кез келген адамның аты-жөні жазылса болды, ол адамның ЖСН-і шығады. Ал ЖСН арқылы ол адамның барлық дерегіне қол жеткізуге, тіпті несие рәсімдеуге болады. Адамның медициналық сактандырылғаны интернет арқылы анықталады.

Бұған тосқауыл қою үшін сарапшылар да, қарапайым азаматтар да сол сайттардағы дербес деректерді бөрінің жойылуын талап етіп жүр. Заң қабылданып, жаңа тетік іске қосылса, азаматтардың шағымдары санын 2022 жылы 0-ге теңестіру жоспарланған. Егер заң жобасы келесі жылы қабылданса, онда жаңа тетік осы жылдың соңында іске қосылуы мүмкін. Сонымен бірге, азаматтар арасында ағарту жұмыстарын кеңінен жүргізу қажет. Дамыған елдерде әр адам өз дербес деректерін сакталуына аса абай болады, қазақстандықтар да бұған жеңіл қарамағаны маңызды.

Сужуқпастар сайрандап жүр

Қызылорда ОПД тергеу басқармасының аса маңызды істер жөніндегі аға тергеушісі, полиция полковнигі Айдарбек Маншариповпен де байланыстық. Ол бізге өңірдегі ақуалды толық айтты берді.

Өткен жылы облыстық полиция департаментінің тергеу және анықтау бөліністері мен сотқа дейінгі тергеп-тексерудің біріншісі тізіліміне ҚР Қылмыстық кодекстің 190-бабымен 658 қылмыстық іс тіркеліп, оның ішінде интернет-алаяқтық 296-ны құрапты.

Облыстық полиция департаментінің басқа да құқық қорғау органдарымен бірлескен қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары жүргізілуде. Жүл көлемінде жоспарға сәйкес профилактикалық іс-шаралар жүргізіліп, яғни, алаяқтардың құрбаны болмау үшін қандай сақтық шараларын қолдану керек екені жөнінде түсіндірме жұмыстары бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылып, көпшілік жиналатын орындарда (сауда үйлері, базарлар және т.б.) плакаттар, билбордтар ілінті.

Ал биыл облыстық ПД басшылығының ұйымдастыруымен тұрғындар арасында құқықтық мәдениетті арттыру, қоғамда құқық бұзушылықтың алдын алу, құқықбұзушылықтарға тәзбеуді қалыптастыру мақсатында «Алаяқтық өрекеттен сақтаныңыз!» атты акция өткізілген.

Акция барысында полициялер интернет-алаяқтықтың түрлерін, жасалу жолдарын, олардың кеңінен пайдаланылатын айла-амалдарын әшкередеп, халыққа алаяқтардың құрығына түсіп қалмас үшін не істеу керектігін түсіндірді.

Жыл басынан бері өңіріміздегі барлық алаяқтық қылмыстардың саны 560-қа жетсе, соның ішіндегі 441-і интернет-алаяқтық болған. Алаяқтардың құрған тұзағына түскендердің қателерінен сабақ алмай, өзіміздің басымызға түскен кезде ғана бармақ тістеп отырамыз. Әр ауданда, әр қалада, әр ауылда да оңай жолмен алдап ақша табатын алаяқтар баршылық.

Қазір облыстық полиция департаментінің қызметкерлері қылмыстың бұл түрінің алдын алу бойынша кең ауқымды операцияны бастап кеткен. ПД бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Лияс Жұмағұловтың айтуына қарағанда, облыс бойынша акцияға жүзден астам полиция тартылды. Олардың бәрі әкімшілік уәкілеттердегі аулалар мен кіреберістерді аралауда. Тәртіп сақшылары кіреберістерге жадынамалар жапсырып және тұрғындарға буклеттер үлестірді. Ал алаяқтыққа қарсы тұраға ең осал топ – зейнеткерлерге арнап түсіндірме жұмыстарын жүргізуде.

Жадынамалар әзірленді, профилактикалық акциялар барысында облыс орталығының барлық шағын аудандарын қамту жоспарлануда. Қызылордалықтарды әлеуметтік желілерде, чаттарда интернет-алаяқтықтың алдын алу туралы ұсынымдарымен бөлісуге шақырамыз. Жаңа азаматтар қылмыстың осы түрі туралы егде тартқан туыстары мен көршілеріне ескертуі қажет. Интернет-алаяқтармен байланысқан кезде шешім қабылдауға асықпай, банкке тексеру үшін қоңырау соғу, қандай жағдай болмасын, жеке мәліметтерді айтпау не жолдану маңызды екенін халықтың есіне салудымыз. Алаяқтықтың алдын алу жұмысы ауқымды түрде жүргізіле береміз, – дейді Лияс Жұмағұлов.

Әлеуметтік желіні пайдаланушылар алаяқтардың уәделеріне сеніп, олардың арбауына түсіп, жинақ қорындағы ақшаларынан айырылып жатыр. Атап айтсақ, алаяқтар үшін байланыс құралдарының абонент номерлеріне қоңырау шалып немесе «WhatsApp» мессенджері арқылы байланысқа шығады. Өздеріңіз жалған қызметтерін ұсынып, яғни «пәтер, автокөлік және тағы басқа ұтыстар ойнатылады» деп, ол үшін алғашқы жарнасын төлеу керек екенін айтып, есепшот ұсынып, қаражат түскеннен кейін ақпарат жүйесіндегі байланыс мекен-жайларын жойып жібереді екен.

«OLX», «Kolesa.kz» сайттарына өз тарауларын саудаға қойғандарға алаяқтар ұялы телефон арқылы байланысқа шығады. Саудада тұрған мүлікті сатып алатынын, ақшасын есепшотқа аударатынын айтады. Карточканың деректерін алған соң, мүлік несие ұялы телефонына бақарлама арқылы код келіп тұрғанын, оны айтып жіберуін сұрап, осы код санын алған соң, сол арқылы жәбірленушінің есепшотына кіріп, ондағы барлық қаражатты өзіне аударып алады.

Сондай-ақ, қаржы пирамидалар құрушылар «WhatsApp» мессенджері арқылы чат ашып, топқа азаматтарды қосады. Оларға «осы чатқа аударған ақшаны еселген пайызбен қайтарып береміз» деп, алдап ақшаларын аудартып алып, бас пайдаларына жарағанды. Сондықтан күмәнді ұтыс ойындарына, интернет ресурстарындағы күмәнді сауда-саттық жасағандарға алданбау үшін сервистік қызмет ұсынғандарға ақша аудармас бұрын, олардың нақты мекен-жайын, шынайылығын тексеріп алу керек екенін ескерткім келеді, – деді А.Маншарипов.

Оның айтуынша, бейтаныс адамдарға жеке куәлікті, банктегі есепшот нөмірін, қолын бермеу керек. Себебі, жәбірленушілер ЖСН, жеке куәлігі нөмірін, есепшоттары туралы мәліметтерді, кейбір жағдайда интернет-банкінге кіру үшін банктен жіберілген смс-кодтарын алаяқтарға өздері ұсынады. Осы арқылы алаяқтар онлайн-несиелер рәсімдеп, жәбірленушілердің атынан қаражат, сонымен қатар несиеге тауар иемденіп алған.

Қазақ ала жіңізі аттамаған, үйінің есігінде құлып болмаған, ар мен ұяттың, дала заңының қағидаларына бағынған текті ел еді ғой. Тектіліктің тіні тарқап, жеңіл табысқа ұмтылған жел-лөкпелер желі арқылы да жемтігін табуа. Бәрібір қылмыстың түбі – жаза!

ЖОБА

Қызылорда облыстық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШТІ: 1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күңтйзбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы

Аты-жөні

Шешіміне қосымша

Қызылорда облыстық мәслихатының күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі:		
1) «Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемақысының ставкаларын бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы 16 қыркүйектегі №301 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5193 болып тіркелген);	орман пайдалану төлемақысының ставкаларын бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы 16 қыркүйектегі №301 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 14 шілдедегі №133 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5919 болып тіркелген);	ставкаларын бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы 16 қыркүйектегі №301 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 14 шілдедегі №133 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5919 болып тіркелген);
2) «Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемақысының ставкаларын бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы 16 қыркүйектегі №301 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 14 шілдедегі №133 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5919 болып тіркелген);		

РЕДАКЦИЯ ПОШТАСЫНАН ӘЛІ ЕСІМДЕ

Жазушы Лияс Есенберлин құдды бір менің ойымды оқып қойғандай, бір шығармасында былай деген екен: «Адам өмірінде талай жанмен кездеседі. Жақсымен де, жаманмен де. Бірақ соның ішінде қара жерге кіргенше ұмытылмайтын аяулылары болады. Ондай жандардың бейнесі тот баспайтын сары алтындай, сенің есіңде сол өзге ұнаған қалпында қалады да қояды. Оны басыңнан өткен ұзақ жылдар да, қайғы-қасірет те, қуаныш та сенің жүрегіңнен өшіре алмайды». Иә, ондай жандардың есімдеріне дейін есіңде мәңгі жатталып қалады екен.

Мен Ақтөбе облысы Қара-бұтақ ауданының «Төрт үй» деген шет аймағында дүние есігін ашыппын. Алаңсыз, бал бала шағым сонда өтті. Бастауыш класты бітіргенше сол жерде тұрдым. Біздің үй мен Кенжебай ата үйінің арасы әуем жер. Екі ортада орталыққа баратын мәшине жол болды. Жолдан өткенше анам қауап тұратын. Сондағы атын үйіне немерелерімен ойнауға барамын. Жайымаушақ жаз мезгілін солармен ойнаумен өткіземін. Қыс, көктем, күзде үйден көп шыға қоймаймыз. Біздің жақта қыс қатты, қар қалың, боранды, ал күз бен көктем жаңбырлы болатын.

Кенжебай атының немерелерінің жанама есімдері болатын: Молдағали – Бөден, Жасарал – Жасан, Бауыржан – Бауқа, Мұхаметжан – Том, қос қыз: Базарайтұл – Бөз, Ранайтұл – Ләке, ең кенжесі Ерікті ғана өз атымен айтатын. Бөз менен екі, Ләке бір жастай үлкен. Том екеуімді құрдастық. Үйдің арты жағы саябақ па дерсіз, биік-биік талдар аптап ыстықта жанына сая, басыңа көлеңке. Талдардың арасында ескі керуеет бар, керуеет деген аты ғана, айтпесе біздің аттракцион. Онда кім секірмеді дейсіз?! Дөпты жарға ұрып, ортаға түспек, тығылмақ, бестік, ондық мақ, секірмек, дойбы ойнаймыз. Атының кемпірі өте салмақты кісі еді. Әже үйдің шатырына құрт, ірімшік жаяды. Кезін ала төртеуіміз кезекпен төбеге шығып, құрт ұрлаймыз. Ұрланған құрт дөмдірек бола ма, қалай? Әжеңіз төбесі көрінсе, тапырлай каша жөнелетініміз тағы бар. Сонда жұмсағын емес, кепкенің жеңдер дейді ғой. Анғал балалық-ай!

Сөйтіп жүргенде бастауышты бітірдім. Орталықтан үйі беріліп, көшетін болды. Кішкентай болсам да сол кездегі жан сезімдімді айтып жеткізу мүмкін емес еді. Төртеуімздің бір-бірімізге бауыр басқанымыз сондай, құшақтасып жылдық кеп... Анама жүгіріп келіп: «көшпей-

Жарнама. Жарнама. Жарнама
 «Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.
 E-mail: smjarnama@mail.ru



Қызылорда облысының құрылғанына

85 ЖЫЛ

Өндірісі өркендеген құс фабрикасы

Қызылорда қаласындағы өндіріс орындары мен өнеркәсіптің пайда болу және даму кезеңі Ұлы Отан соғысы жылдарымен тұспа-тұс келді. Соғыстан кейін халық шаруашылығы қалпына келтіріліп, нәтижесінде қалада өнеркәсіп орындары бой көтеріп, тұрмыс нысандарының құрылысы жедел қарқынмен дами бастады.

1947 жылғы 3 қаңтардағы Қызылорда облыстық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің №6 шешімімен Қызылорда құс комбинаты құрылып, оған 17 қаңтарда Сырдария ауданы «Шағын сабалақ» тресті аумағынан 303 гектар болатын жер телімі, 188 гектар қосаққа егістік жер берілді. Комбинат басшылығына Федор Ефимович Буткевич тағайындалып, 1948 жылы жұмысшылар саны 18 адам болды. 1948-1949 жылдар аралығында республикалық кадрларды даярлау мектебінен 3 оператор, 1 зоотехник, 1 құс өсіруші, 1 май дайындаушы білім жетілдірілді.

Қызылорда құс комбинаты құс, ірі және ұсақ мал, сондай-ақ шошқа өсіру және бордақылаумен айналысты. Ірі, ұсақ малды өсіру базасы «Ноғай қора» мен «Оспан көпір» учаскелерінде орналасты.

1949 жылы 10 маусымда 100 тонна құсты өңдеуге арналған Қызылорда типтік құс комбинатының құрылысы басталды. Үлгілік құс комбинатының құрылысы аяқталғаннан кейін онда 20 мыңға дейін аналық құс болды. Облыстың колхоздары мен совхоздарынан келіп түсетін 140-150 мың бас құсты қабылдауды, бордақылауды және қайта өңдеуді қамтамасыз етті. Комбинатта жасушалық, аналық, инкубатор, сою цехы, жұмыртқа сақтау, жем-шөп, тоқ көзі, автопарк, құрылыс, трактор көлігі, сантехника цехтары жұмыс істеді.

1951 жылы құс комбинатына облыс орталығынан 11 шақырым жердегі «Қаратоғай» шатқалынан 2000 орындық құсқа арналған қыстау қораларын салу белгіленді. 1976 жылы құс фабрикаларының өндірістік бірлестіктері жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Осы жылы 1665 млн дана жұмыртқа, 54,3 мың тонна құс еті өндіріліп, мемлекетке 200 млн дана жұмыртқа, 12 мың тонна құс еті сатылды.

Қызылорда құс фабрикасында әлеуметтік міндеттемелерін орындауға бағытталған үлкен жұмыстар атқарылып отырған. Мысалы, қызметкерлерді тұрғын үймен қамтамасыз ету, олардың отбасы мүшелерінің демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында кинотеатр, концерт, санаторлық-курорттық емделуге туристік жолдамалар беру, балабақшаға бірінші кезекте қоппалалы аналардың балаларын орналастыру және аз қамтылған отбасыларға жәрдем-ақы тағайындау, балаларына туристік жолдамалар беріліп, пионер лагеріне жіберіліп отырды. Еңбектің озық тәсілдері насихатталып, тәжірибе алмағылып, ерекше көзге түскендер марапатталды.

Облыстық архив қорынан

АСЫЛ ҚАЗЫНА

Көненің көзінде тілді кілем

Кілем үй ішіне сұлулық та, жылулық та сыйлайды. Жайсаң төсек, іпсең суреттей сыр ақтарып тұратын сиқыры бар. Қазір кілемнің түрі көп. Иран, Түрік елдерінен келген кілемдер көздің жауын алады.

Бірақ көненің көзінде болған өзіміздің түкті кілемді бүгінде пайдаланбайтын болдық. Ал қолөнер еңбегі мен нағыз түкті кілемнің қандай болатынын білетін шетелдіктер оны арнайы тапсырыспен кәсіпкерлерден 600 мыңнан бастап 1 миллион теңгеден астам қаржыға сатып алады екен. Біз мұны Айдарлы ауылындағы кілемші Роза Әлбатырова ападан естідік. Айтуынша, алты жасынан бері кілем тоқуды анасы мен әжесінен үйренген.



Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

– Менің заманымда бұл ауылда барлық қыз-келіншек осы өнерді меңгерген еді. Ал қазір бірте-бірте қалып барады. Әйелдердің басын қосып, ауыл әкімшілігінен көмек сұрап ұлттық дәстүрді жаңғыртқып келеміз. Өзім Қазақстан Шеберлер одағының мүшесімін. Түкті кілемнің қадірін қазір бағаламай отырмыз. Басқа елдерде оның бағасы өте қымбат. Жыл сайын Астанадағы ұлттық өнімдер жәрмеңкесіне қатысытынмын. Көрмеге келген итальяндық келіншекпен таныстым. Сол жерде менің тоқыған кілеміме тапсырыс беріп, біреуін сатып алды. Қазір 2x3 көлемді түкті кілем 600 мың теңге тұрады. Оның ішіне жіптің бағасы мен әйелдердің еңбегін қосынды. Екі айға жуық уақыт жұмсаймыз. Егер маған дәл қазір тапсырыс түсетін болса, ауылдағы келіншектерді жинап

бірілесіп тоқып шығамыз. Көрші-көлемнің бәрі тоқиды. Өзімнің шәкірттерім бар. Олардың барлығы тақыр, түкті кілем тоқуды біледі. Бірақ тек түкті кілем тоқимыз, өйткені, қолдары соған қалыптасқан. Қазір жіп иретіндер жоқ. Арнайы жіп иіретін беретін апаларымыз өмірден өтіп кетті. Менің қолымнан жіп иіру келмейді. Сондықтан дайын Алматыдан сатып аламыз. Меринос қойдың жүнінен иірілген жіп жарамайды. Ол өте жұмсақ. Жіп иіретін арнайы құрылғыны Ресейден ғалымдар арқылы іздестіріп жатырмын. Егер сол құрылғыға қол жеткізсек, онда жіп мәселесі де шешімін табады еді. Себебі, жүн көп. Бірақ оның да қадірін білмейміз. Біздің кезімізде қойды үш рет тоғытып, содан кейін барып жүнін қырқатын. Қазір ұстап алады да айдалады топырақтың үстінде қырақ сады. Оны тазалау да мүмкін

емес, жарамсыз, табиғи суға жуылмағанын иісі де кетпейді. Бұрын жүннің қиқымы да қалмайтын, – дейді кілемші. Қай кезде де табиғи, таза, қолдан жасалған бұйымға сұраныс жоғары. Шебер жіп мәселесі шешілсе, тапсырыс та көп болатынын айтады. Жетпіс жастағы Батыр ана Роза Әлбатырованың шәкірттері көп. Соның бірі немересі Ақмарал Бегалықызы М.Мәметова атындағы педагогикалық жоғары колледжін бітіріп, ауылда ұйірме ашыпты. Ал 3 жасынан кілем тоқуды үйінен келе жатқан Қырымқызы Серікқызы атты немересі әжесінің жанынан бір елі қалмайды. Өзінің қызы-ғұшылығы да жоғары. Кілемнің үстінде аунап өскен Қырымқызы қазір түкті кілемді қиналмай тоқиды. Тоқу ісінде қолданылатын станок қарапайым екен. Ол кілемнің көлеміне қарай жа-

салады. Тікелей ілінген жіп – арқау, жоғары-төмен түсіріп отыратын белдеу ағаш – адарғы аталады. Арқау жіптің астынан алынған өрнекті шатыс деп айтса, бұл арада бойлардың ересімі мен қарсысы ауысып тоқылдып отырады, яғни тоқыма жіпті күршекеп іліп алып, ортасынан өткізгенде өзінен-өзі байланып шығады. Жіпті кесіп алып, өрнектің үстіне тоқпақпен ұрып, арқау жіпке қысады. Кілемге салынатын ою-өрнекті қағазға салып алады да, ілмекті санап отырып, кілемге бейнені салып шығады. Осындай күрделі жұмыс процесімен бастан-аяқ танысқандықтан, тоқыма өнерінің ұқыптылыққа үйретіп, шыдамдылыққа баулитынына тағы бір рет көз жеткіздік. Ұлттық құндылықты насихаттап жүрген жандарға қолдау болса, қазақтың түкті кілемі экспортқа көптеп шығар еді.

ТАНЫМ

Саусақ ізіне ұқсайтын арал туралы не білеміз?



Сурет ашық дереккөзден алынды

Бұрын түрлі ел картасын жануарлардың пошымасы ұқсастатын әдет бар-тын. Эстония қасқырға, Финляндия китке, Ұлыбритания картасы аждаһа пішіндес еді. Бұл үрдіс бүгін де жалғасын тауыпты. Жуырда картасүйер қауым Хорватиядағы Адриат теңізінде орналасқан кішкентай аралды тапты. Бір қызығы, картадағы аралға жоғарыдан көз тастасаның, адамның саусақ ізіне ұқсайды екен. Кейіннен белгілі болғандай, аралдың саусақ ізіне ұқсас болуының сыры сол жердегі тастарға байланысты көрінеді, яғни, 23 шақырымға созылып жатқан тас қабырғалар саусақ ізі сынды кейіп беріп, ерекше бейне қалыптастырған. Мамандар мұндай ерекшелік табиғи құбылыс емес, адам қолымен жасалған деген болжамда. Тіпті,

қабырғалардың құрастырылған жылжып да нақты меңзеп, XIX ғасырға телиді. Аталған түспалды аралдың фотосуретінен де анық аңғару қиын емес. Мұнда бір-біріне мінгескен тастар адам қолымен қойылғандай әсер қалдырады. Тіпті, тас қабырғалар жағаға дейін жалғасып, арнайы ізбен орналастырылған. Жалпы, жергілікті тұрғындар Бальенац аралын ермек үшін пайдаланған секілді. Мұнда қоныстану қолайсыз, егін егуге жағдайсыз болғандықтан бас аралдары барынша пайдалы егуге тырысқандай. Оған қоса тасты қабырғаларды жаңа отырғызған көшеттерді қорғау үшін де пайдаланды деген дерек бар, яғни, теңіздің қатты желінен қорғау мақсатында жас өскіндерге пана есебінде тұрғызған. Себебі мұн-

дағы ауа райы қолайсыз, дауыл. Жайсыз ауа райы кезінде теңіз желі жаңа отырғызған көшетті тамырымен қопаруға қауқары жоқ. Алып тастардың тарихы мұнымен бітпейді. Мамандар тастардың тағдыры арал тұрғындарының меншік құқығына да тәуелді дейді. Ғалымдар сөзіне сүйенсек, адамдар өзіне тиесілі жерді таспен қоршаған. Қарапайым тілмен айтқанда, бүгінгі ауаны қоршауымыз секілді үрдіс саналған. Тас қоршаулар арасындағы XVI-XVII ғасырда жасалған қабырғалар сөзімізге дәлел бола алады. Білесізбе, мұндай қабырғалар Каприе және Зут аралдарында да кездеседі. Тіпті, егістіктегі осындай қабырғаларды Англия, Шотландия және Ирландия елдерінде де байқауға болады екен. Дегенмен, Бальенац

аралындағы тас қабырғалар тығыз әрі биік болғандықтан төбеден тез байқалады. Оған қоса аралдың пошымасы да саусаққа ұқсауы қиялымызды ұш-тату, эстетикалық бейнені елестетуге итермелейді. Көбінің арал суретін саусақ іздерінің бейнесін көруінің бір сыры осы. Бальенац аралы жұртшылыққа бұрын беймәлім-тін. Тек саусақ ізіне ұқсас аралдың суреті тараған соң қызығушылар қатары көбейді. Орналасқан жері, қай елге тиесілі екенін білуге ұмтылғандар саны күрт артқан. Мұны ел билігі де сәтті пайдаланып, саяхатшы-туристерге арналған экскурсия әзірлеген. Кәсіпкерлерге жағдай жасап, аралды жоғарыдан қарауға арналған бағдарлама әзірлеуге мүмкіндік берген. Осылайша, аймақтың туристік әлеуеті дереу өскен көрінеді. Әрине, турист көп барған орындарды қорғау керек. Хорватия үшін бұл арал табыс көзі болғандықтан, көрнекі жердің келешегі одан да маңызды. Себебі, туристердің жөнсіз әрекеті салдарынан тас қабырғалар құлап, мүжіліп, аралдың сәні кете бастапты. Осыны қаперге алып, жуырда хорватиялықтар саусақ ізіне ұқсас аралды ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мұра объекті санатына енгізуге ұсыныс жасады.

Жасақбай СЕЙІТЖАҒЫПАРОВ. Қызылорда қаласы



Үздік төрттік

Алматы қаласында 14-16 шілде аралығында Каратэден (WKF) ҚР кубогы аяқталды.

Бозкілемдегі бәсекеде Сыр спортшылары 4 алтын мен 6 күміс және 4 қола медаль еншіледі. Жарыс қорытындысымен сырбойлықтар командалық есеппе ересектер мен жастар арасында, яғни, қос кезеңде де II орын иеленді.

Үш күнге созылған тартысты ойынның нәтижесі бойынша біздің облыстан 4 спортшы көш бастады. Атап айтсақ, ересектер арасында Бақдәулет Құбаш үздіктер қатарынан көрінді. Ал жастар арасында Ерасыл Ниязбеков, Асылхан Ғалым және Сұңқар Қанибек жүзден жүйрік шықты. Жеңімпаз және жүлдегер командалар медаль, кубок, дипломдармен марапатталды.

Теннистен жазғы спартакиада

Астана қаласында 8-14 шілде аралығында теннистен ҚР VI Жазғы спартакиада өтті.

Онда 9 облыстан 50-ге жуық спортшы бақ сынады. Тартысты өткен турнирдің жеке лей сынында сырбойлықтар қарсылаш шақ келтірмеді. Нақтырақ айтсақ, ерлер арасында екі топтан финалға шыққан Тимур Мәуленов пен Ерасыл Ерділді I орынды сарапқа салды. Жарыс нәтижесімен Тимур чемпион атанса, II орын алған Ерасыл спорт шебері атағын сәтті қорғап шықты.

Ал жұптық ойында екеуі III орынға қол жеткізді. Бәсі жоғары бәсекеде Қарағанды мен Алматыдан келген ұжымдар алғы шепке шықты. Ал командалық есеппе Қызылорда облысы алматылықтарға ғана есе жіберді. Үздік үштікті қарағандылықтар түйіндеді. – Жарысқа 5 спортшы апардық. Оның екеуі жүлделі оралды. Чемпион атанған Тимур Мәуленов шілде айының соңында «President's Cup» халықаралық турнирінде еліміздің намысын қорғайды. Қазақстан теннис федерациясының атынан спортшыларға, яғни, I орынға 350 мың теңге, II орынға 250 мың теңге ақшалай грант берілді. Ал командаға кубок табысталды. Айта кетейін, биыл командалық есеппе алғаш рет II орыннан көрініп, үздік нәтиже көрсете алдық, – деді жаттықтырушы Қанат Нұрмахан.

Халықаралық турнир жүлдесі

Сербия елінің Парачин қаласында 5-15 шілде аралығында «Paracin 2023» – OPEN атты шахматтан халықаралық турнир өтті.

Швейцар әдісі бойынша өткен байрақты бәсекеге 29 елден 170 шахматшы қатысты. Жерлесіміз Назерке Нұрғали әйелдер арасында I орын иеленіп, гросмейстерлік тағы I ұпай еншіледі. Еске салайық, ол бұған дейін Баку қаласында өткен халықаралық жарыста алғашқы ұпайын алған болатын. Шахмат стандарттарына сәйкес гросмейстер атану үшін үш ұпай еншілеу керек.

Әлем біріншілігінде топ жарды

Астанада 14-17 шілде аралығында «Beeline Arena» спорт кешенінде белбеу күресінен ерлер мен әйелдер арасында Әлем чемпионаты өтті.

Төрт күнге созылған бәсекеге 30 елдің 250-ге жуық спортшысы қатысты. 76 келі салмақта бақ сынаған Сыр спортшысы Арайлым Оразбай бас жүлдені қанжығасына байлап, халықаралық деңгейдегі спорт шебері атағын алды. Оның ізінде Назерке Әбілтаева II орын алса, ерлер арасында сәттілік сал жетіспеген Жандос Әбуәбіров II орын және Айберген Алдаберген III орынды қанағат тұтты. Айта кетейік, жалпы есеппе Ресей құрамасы топ жарса, Қазақстан құрамасы 6 алтын, 4 күміс және 13 қола жүлдеге қол жеткізіп, II орын алды. Үздік үштікті Түрікменстан түйіндеді.

«СБ» ақпарат

www.facebook.com/syrboyi.kz/ <https://twitter.com/syrboyi> www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫРМЕДИЯ
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифициталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыда газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А».

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Таралымы 22160 Тапсырыс №1110

Кезекші редактор Ақтілек БІТІМБАЙ